Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жалағаш жаршысы

№99 (9882)
13 желтоқсан, сейсенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Үкімет

# «Еліміз өркендесін десек, ел болып күш жұмылдыруымыз керек»

**Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеген. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр. Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге артқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз. Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деді.**

Жиынға ҚР Президентінен бөлек Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.

Президент алдымен еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті. Сондай-ақ ол өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғаның, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы ең алдымен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар тым көп болып кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе меншік иелері тиісті қорытынды жасамаған.

Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқындап бергенін айтады. Қызметкерлердің жауапсыздығы мен бақылау жүйесінің қауқарсыздығынан мыңдаған адам жылусыз қалған. Ал жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде аман-есен өткіземіз деп есеп беріпті. Ал іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын бүкіл ел біледі. Павлодар облысының әкімі өз өтінішімен қызметінен босатылған. Ал Президент құзырлы мемлекеттік орган, яғни Энергетика министрлігінің ешқандай әрекет етпегенін, бұл мекеме апатқа селқос қарап, бейтараптық танытқанын ашық айтты. Президент төтенше жағдай қызметтерінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған деп есептейді. Яғни олар баяу қимылдап, салғырттық танытқан.

Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 теңгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Әбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқара алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне Жылу электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн.

– Екібастұз тұрғындарына келтірілген зардапты өтеу шығындары меншік иесі мен республикалық бюджет арасында бөлінуі керек. Үкіметтің алдында соңғы жылдары меншік иелері ештеңе істемеген аса маңызды инфрақұрылым нысандарының әрқайсысын кешенді түрде тексеріп, шешім қабылдау міндеті тұр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткенін жасырмады. Жылу электр станцияларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Ал Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонаиха қалаларындағы жылумен қамту желілері мүлдем тозған.

Президенттің айтуынша, энергетикалық нысандарды уақтылы жаңғырту ісін бақылауға алу Үкіметке бірнеше рет тапсырылған. Әйтсе де әкімдіктерге де туындаған мәселені орталыққа ысыра салуға болмайды.

– Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі жанынан құрылған арнайы Комиссия кешенді шаралар әзірледі. Соған сәйкес бақылау-қадағалау тетігін күшейтіп, меншік иелерінің жауапкершілігін және жалпы саланың тиімділігін арттыру қажет. Комиссия дұрыс жұмыс істемей тұрған 19 жылу электр орталығын анықтады. Оларды шұғыл жаңғырту қажет. Алдын ала есеп бойынша, оған шамамен 90 миллиард теңге керек. Бұл қаражат, әрине, энергетикалық кәсіпорындардың тарифтік сметасында ескерілгені жөн. Мемлекет меншігіндегі энергетикалық нысандар бюджет есебінен жөнделуге тиіс. Ал жекеменшік нысандарды «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы аясында өз қаражаты есебінен жаңғырту керек. Үкімет осы міндетті шешуге шұғыл кірісуі тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесіне де баса назар аударды. Оның сөзінше, негізгі тағам өнімдерінің қымбаттауы инфляцияның өсуіне себеп болып отыр. Ал азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асқан. Тұрғындардың ақшалай табысының өсу қарқыны соңғы бес жылдағы ең төмен деңгейде тұр екен. Мемлекет басшысы елімізде қаз жүзінде жұмыс істейтін, уақытша жұмыс істемейтін, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз деп көрсетілген 900 мыңға жуық адам барын жасырмады. Негізгі құжат – Халық табысын арттыру бағдарламасы. Осы құжатты қазіргі жағдайлармен сәйкестендіру керек деп есептейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев өндірістік жарақат мәселесі күрделі мәселеге айналып бара жатқанына тоқталды. Мәселен, биыл 11 айда өндірісте 1 124 адам зардап шекса, оның 157-сі қайтыс болған. Тіпті кейбір кәсіпорында адам өліміне әкеп соқтыратын апаттар тым жиілеп кеткен. Бұл тұрғыда Президент «АрселорМиттал Теміртау» компаниясын ерекше атап өтті. Оған негіз де жоқ емес. Мәселен, онда 2006 жылдан бері 20-дан астам апат болып, жүзден астам азамат қазаға ұшыраған. Биылдың өзінде 14 адам аталған компанияда көз жұмған. Өткен аптада тағы бір жұмысшы опат болыпты. Қасым-Жомарт Кемелұлы Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың есебіне қарап, компания еңбек, экология және салық заңнамасын белден басып отырғанын тілге тиек етті. Тіпті инвестициялық міндеттемелерін де орындамайды екен. Президент айтқандай, қоғам бүгінде әділ, қатаң және шұғыл шаралар қабылдауды талап етіп жатыр. Сондықтан бұл мәселені Үкімет басшысы тікелей бақылауда ұстайды деп сенім білдірді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің тапсырмасымен инвестициялық жобалардың бірыңғай жүйесі әзірленгенін, алайда биыл жоспардағы 284 инвестициялық жобаның 43-і ғана жүзеге асырылғанын жеткізді.

– Мұның бәріне құр цифр ретінде қарауға болмайды. Өйткені соның кесірінен көптеген жұмыс орны ашылмай қалды. Ел экономикасы миллиардтаған теңге қаржыдан қағылды. Сыртқы істер министрлігі шетелден инвестор тарту үшін тиімді жұмыс атқарып жатқанын атап өткен жөн. Елшілер шетелдерде түрлі кездесу өткізіп, елімізге инвесторларды жетелеп әкеледі деуге болады. Бірақ жобаны жүзеге асыратын кезде, жергілікті жерде түрлі мәселе туындайды. Бір сөзбен айтсақ, біз дайын инвесторлардан айырылып қалып жатырмыз. Тағы да қайталап айтамын, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға жағдай жасау, яғни жер бөлу, рұқсатнама беру, инфрақұрылыммен қамту – әкімдердің міндеті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент баға белгілеуді келесі бір маңызды мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ азық-түлік бағасын өсірмеу үшін басты бағыттар бойынша нақты жұмыс жүргізу керек деп есептейді.

– Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай қатты өзгереді. Күзде су тегін нәрсе көктемде шарықтап шыға келеді. Мұның шешімі біреу ғана – қойма инфрақұрылымын жасау керек. Бірақ бұл бағыттағы жұмыс баяу жүріп жатыр. Былтыр 83 мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанмен, оның 64 мыңға пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайызға орындалды. Биыл жұмыс біршама жандана түсті: 98 мың тонналық қойма салу жоспарланып, соның 87 мың тоннасы қазірдің өзінде іске қосылды. Дегенмен бұл бағыттағы шаруаны әлі де ширата түсу керек. Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты екенін түсіну қажет. Агроөнеркәсіп кешенін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс, – деді Президент.

Үкімет отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев әділ және тиімді экономикалық саясат жүргізілуі керек екенін айтты. Оның пікірінше, елімізде әділ бәсеке орнап, бизнес адал жұмыс істесе, әділетті нарықтық экономика құрылады.

– Экономиканы монополиядан арылту үшін мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл комиссия қажетті жұмысты тиімді жүргізіп жатыр. Қазір жеке меншікке заңсыз өтіп кеткен активтерді қайтаруға баса мән беріліп отыр. Бірақ, кейбір мәселелер назардан тыс қалып барады. Экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту, монополистерді өзіне жанама қатысы бар нарықтың қызметіне араластырмау – өте маңызды жұмыс. Әкімшілік кедергілерді және нарыққа баға белгілеу арқылы қысым жасауды тоқтату керек. Мысалы, электр қуатын өндіру және оны жеткізу саласы монополистердің қолында. Олар тәуелсіз компаниялардың нарыққа кіруіне шектеу қойып отыр. Біз Электр қуатын бірыңғай сатып алу институтын енгізуге кірістік. Осылайша, тиімсіз делдал компанияларға шектеу қойылады. Өнім өндірушіге қаржы тікелей түседі. Нәтижесінде еліміз барлық өңірлер мен ұйымдар үшін ойға қонымды бағаға қол жеткізуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек Президент бюджет саясатына арнайы тоқталды.

– Үкімет бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек. Ұлттық қордың трансфертіне тәуелділіктен біртіндеп құтылуымыз қажет. Бір жылдан кейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысын балалардың есеп-шотына аудара бастаймыз. Сол кезде барша азаматтар Ұлттық қордағы ахуалды жіті қадағалап отыратын болады. «Әрбір азамат – ұлттық байлықтың иесі» деген сөз жай ұран емес. Бұл нағыз халықтық, қоғамдық бақылаудың басталғанын білдіреді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке алдағы жеті жылда Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға жеткізу міндетін жүктегенін еске салды. Сондай-ақ ақшаны азырақ жұмсап, көбірек табыс табу керек екенін ескертті.

Сонымен қатар Президент жер қойнауын пайдалану саласында елеулі түйткілдер бар екенін жеткізді.

– Бас прокуратура Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, жер қойнауын пайдалану ісінің барлық сатысында заң бұзылатынын анықтады. Мемлекеттік жер қойнауын басқару бағдарламасында бұрмаланған немесе ескірген мәліметтер бар. Қоры нақтыланған және игеруге дайын тұрған кен орындарына барлау жұмысын жүргізуге 143 лицензия мен келісімшарт заңсыз берілген. Елімізде құнды пайдалы қазбасы бар кен орындары аз емес. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар осындай 87 кеншіті заңсыз алған. Олар байқау өткізу рәсімдерін айналып өтіп, кеніштерді жеке компанияларға су тегін берген. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, заңсыз берілген кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық жерлерді дамыту мәселесіне де арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы жаңа президенттік өкілеттігіне кіріскен сәтте, ең алдымен, Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойғанын айтып, ауылды өркендетудің мүлдем тың тәсілдері керек екеніне назар аударды.

2 →

Бәрекелді!

**Үлгерімі жақсы оқушы – мектеп мерейі, ұстаз мақтанышы. «Мектепте жақсы оқиды» деген атақ өмірлік паспортың іспетті. Бүгінде өңір мектептерінде білімімен биік шыңдарды бағындырып, оқу бәйгесінде топ жарып жүрген озық ойлы озат оқушылар аз емес. Солардың бірі – 116 орта мектептің 9 сынып оқушысы Ақниет Дүйсенғалиқызы.**

# Ақниеттің алар асуы алда

Қазақтың бағзыда айтқан «Қатарыңның алды бол» деген баталы сөзі бар. Аталы сөзді құлағына құйып өскен Ақниеттің білімге деген талпынысы жоғары. Алтын ұясының мерейін үстем етіп жүрген оның алғырлығы мен жігеріне, білімі мен тәрбиесін ұстаздары шаттанып та, мақтанып та айтады. Әр оқу жылын «Өте жақсы оқығаны үшін» мақтау қағазымен аяқтайтын оқушы түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып жеңімпаз атанған. Таяуда ғана ҚР оқу-ағарту министрлігі жанындағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының «Елжанды патриот» сертификатын иеленді. Сондай-ақ қазақстандық жас патриоттар академиясының мүшелігіне қабылданып, арнайы медальмен марапатталды.

– Мен 10-30 қараша аралығында Республикалық «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығының Түркістан лагерінде тыныққан болатынмын. Біз Қызылорда облысынан 24 бала бардық. Біз барған ауысымға әр мектептен өз мектептерінің көшбасшыларын, мектеп президенттерін жинаған болатын. Мен ең үлкен 8-ші топ болдым. Ең алғашқы жарысымыз «Визитка» еді. Біз бұл жарыстан бас жүлде алдық. Кейін Олимпиада жарысынан да бас жүлдені қанжығамызға байладық. 1-1,5 апта өткеннен кейін маған I топқа жетекші боласың деген тапсырма келді, мен солай жетекші болдым. Ұйымдастырушы ұстазбен бірге оқушыларды жарыстарға дайындадым. Солай біз көптеген жетістікке жеттік. Мен 15 ауысым "Тор Leaders" атты ауысымға түскен болатынмын. Бізде Тәрбие кешенінің директоры Әліп Егемберді Тұрсынбекұлы болған. Ол кісі өте керемет адам. Балалармен жақсы қарым-қатынас құра алатын. "Балдаурендегі" әрбір вожатыйлар өз қызықтарымен, өздерінің ерекше қасиеттерімен әрбір болған сәттерімен есімде қалған болатын. Вожатыйлар, балалар үшін бір уақытта ата-ана, дос бола алатын ерекше жандар, – дейді озат оқушы.

Қазір мектептерде оқушылардың қоғамдық-әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту негізінде көшбасшы оқушылар арасында ұйым құрылып, өзара мектептің президентін сайлайды. Оқуда озат атанған Ақниет те өз мектебінің президенті. Біліммен қатар өнер айдынында да жүлдегер атанып, Балалар жылы аясында ұйымдастырылған «Мен де жүлдыз боламын» байқауында I орынды иеленді. «Amanat music» II Халықаралық конкурс-фестивалінің облыстық I кезеңінде бас жүлде иеленсе, республикалық II кезеңінде үздік өнер көрсеткені үшін «Ұлттық би» номинациясымен марапатталды. Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай дана, Абай дара қазақта» атты облыстық байқаудан II орынды жеңіп алды.

Ақниеттің марапаты мен дипломдарын айта берсек, мұнымен бітпейді. Әр мақтау қағаздың артында оның білімі мен еңбегі жатыр. Осы секілді халықаралық, республикалық, облыстық олимпиадалар мен білім, өнер сайыстарында алған марапаты көп. Бұл жетістіктерін білім нәрімен сусындатқан ұстаздарының еңбегі, отбасының қолдауы деп біледі.

– Ұстаздарымның жетекшілігімен алған білімімді облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда шындап келемін. Осындай сайыстарға қатысуға мүмкіндік беріп, білім нәрімен сусындатқан мектеп мұғалімдеріне алғысым шексіз. Бізде білім алуға, білімді одан әрі жетілдіруге толық мүмкіндік бар. Қосымша сабақтар да қарастырылған. Алдағы білім және өнер додаларында да жүлделі оралуға барымды саламын. Жетістікке жетіп жатсам, ол – ата-анамның, ұлағатты ұстаздарымның еңбегінің жемісі, – дейді жас дарын Ақниет Снасап.

Балауса қыз мектепті үздік аяқтап, болашақта журналист болуды армандайды. Би өнері мен музыкаға да жаны құштар. Тағы бір айта кетерлігі, Ақниет кітапқұмар. Әсіресе қазақ тілі мен әдебиетін сүйіп оқиды. Талай білім бәйгелерінен топ жарған дарынды оқушының болашағынан үлкен үміт күтеміз.

**Е.СОЗАҚБАЕВ**

Сессия

# Бюджет аудан дамуына бағытталады

**Кеше аудандық мәслихаттың кезектен тыс 28 сессиясы өтті. Оған аудан әкімінің орынбасары, мәслихат депутаттары мен мекеме, бөлім басшылары қатысты. Сессияны аудандық мәслихаттың хатшысы Г.Құрманбаева жүргізіп отырды.**

Сессияның күн тәртібінде бір ғана мәселе қаралып, ол жөнінде аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Баймаханова кеңінен тарқатты. «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №12/1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» баяндаған бөлім басшысы ауданның нақтыланған бюджетіне республикалық бюджет және несие есебінен ауданға бөлінген қаржылардың үнемделген бөлігі 111 млн аса қаражат бюджеттік бағдарламаларынан қысқартылғанын атап өтті.

«Сонымен қатар ҚР Ұлттық Қоры есебінен өзімізге белгілі екінші жартыжылдықтан бастап М.Шәменов ауылындағы мәдениет үйінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілу үстінде. Осы күрделі жөндеу жұмыстарына 93 млн-нан аса қаржы бөлінген болатын. Жобаны толық аяқтауға 48 млн-нан аса қаржы бөлінді. Сондай-ақ жұмыспен қамту орталығының жұмыспен қамту бағдарламасына барлығы 49 млн-нан аса қаражат бөлінді. Бұдан бөлек, жоғарыда атап өткен қаулыларға сәйкес облыстық бюджет есебінен бөлінген қаржыдан үнемделген 13 млн 521 мың теңге бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен қысқартылып, қосымша облыстық бюджет есебінен 71 млн 561,7 мың теңге бөлінді. Бұлар қосымша қаржылар болып саналады. Аудандағы «Ақтерек 170» учаскесіндегі инфрақұрылымдарға бөлінген ауызсу, электр желілерімен толық жабдықтау жұмыстарына бағытталды» деді аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Хамитқызы.

Сессия отырысында қаралған мәселе төңірегінде депутаттар арасында ешқандай қарсылық айтылған жоқ, жан-жақты талқыланып, депутаттардың қолдауымен бекітілді.

**Нұр НАУАН**

**Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 29 сессиясын шақыру туралы**

Жетінші шақырылған Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс 29 сессиясы 2022 жылы 14 желтоқсанда сағат 10.00-де аудандық мәслихаттың мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселе ұсынылады:

«2022-2024 жылдарға арналған Жалағаш кентінің және ауылдық округтерінің бюджеттері туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы.

2022 жылы 14 желтоқсанда сағат 09.30-да аудандық мәслихат хатшысының кеңсесінде тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы өткізіледі.

Сессия отырысы Aitube.kz платформасында тікелей эфирде көрсетіледі.

**Мәслихат хатшысы Г.Құрманбаева**

# "Еліміз өркендесін десек, ел болып күш жұмылдыруымыз керек"

– Ауыл жұртының көпшілігінде жер үлесі бар. Бірақ халық оның игілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты. Бірақ егіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ тыңайтқыштың қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард теңгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр, – деді Мемлекет басшысы.

Президент көтерген тағы бір өзекті мәселе – экономиканы кредиттеу және халықтың көп несие алуына тосқауыл қою.

– Нақты экономиканы кредиттеу ісін кеңейту қажет екенін бірнеше рет айттым. Бизнес қолжетімді қаржыландыруға зәру. Менің тапсырмаммен шұғыл шешімдер топтамасы әзірленді. Ол осы сектордағы қордаланған мәселелерді шешуге бағытталды. Атап айтқанда, зейнетақы жинағының 50 пайызына дейін жеке басқаруға беру үшін БЖЗҚ салымшыларының құқықтары кеңейтіледі. Бұл бизнесті кредиттеуге қажетті «ұзақ мерзімді қаржы» қорын қалыптастырады. Агроөнеркәсіп кешеніне берілетін кредитті арттыру үшін астық қолхаты институты толықтай цифрландырылып, қайтадан іске қосылады. Бұл агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары үшін сенімді кепіл болады. Экономиканың осы секторын әлдеқайда белсенді кредиттеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығына да осындай өзгерістер енгізіледі. Бұған қоса, Үкімет пен қаржы саласын реттеу органдары «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында пайыз мөлшерлемесін субсидиялау мерзімін 7 жылға дейін созу мүмкіндігін қарастырған жөн деп санаймын. Әрине, бұл экономиканың тек анағұрлым басым бағыттарын қамтуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент тұтынушылық кредиттің шамадан тыс көбеюін төмендету керек екенін еске салды.

– Бүгінде проблемалық кредиттердің көлемі жарты триллион теңгеге жетті. Миллионнан астам адам өзінің банк алдындағы міндеттемелерін өтеуге жағдайы жоқ. Олардың көбі әбден торығып, ескі борышын жабу үшін жаңа кредит рәсімдеуге мәжбүр. Сондықтан 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» Заң күшіне енуге тиіс. Сонымен қатар кепілсіз онлайн-микрокредиттеуді қатаң реттеу қажет. Кейбір елдерде оған толықтай тыйым салған. Осы тәжірибені зерттеген жөн, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа әкімшілік реформа жүргізуді тапсырғанын еске салды. Мұндағы басты мақсат – атқарушы билік органдары жұмысының тиімділігін арттыру.

– Қолданыстағы заңдар мемлекеттік органдарға толық дербестік беріп отырған жоқ. Мысалы, өз саласында нормативтік құқықтық актілер қабылдау үшін олардың құзыреті заң жүзінде бекітілуі керек. Тапсырмалар уақтылы орындалмайды. Шешім дер кезінде қабылданбайды. Сол себепті өзектілігін тез жоғалтады. Осындай түйткілді шешу үшін заңдарға мемлекеттік органдарға өз саласындағы құзыреті шегінде қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік беретін түзетулер енгізіліп жатыр, – деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Президент Әкімшілігі жүргізген талдау Үкіметтің қызметінде олқылықтар бар екенін көрсеткенін атап өтті. Мысалы, оның жұмысының жартысына жуығы уәкілетті органдар әзірлеген салалық шешімдерді мақұлдаумен шектеледі.

– Үкіметтің негізгі міндеті – жұмысты үйлестіру және оған басшылық ету. Жаңа әкімшілік реформа аясында заң шығару тәжірибесін жаңғырту қажет. Түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының орталыққа бағыныштылығын барынша азайтқан жөн. Осыған орай Үкіметке заңнамалық актілерді түгендеуді тапсырамын. Мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері мен құзыреттері ғана заң жүзінде бекітілуі керек. Әр саладағы саясатты әзірлеу, оны жүргізу және бақылау құзыреті Үкіметтен орталық мемлекеттік органдарға берілуге тиіс. Орталық пен аймақтар арасындағы құзыреттерді бөлу ісін келесі жылы аяқтау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аса маңызды ұлттық жобалардың («Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтау», негізгі инвестициялық жобалар) орындалу барысын қадағалайтын Президенттің жобалық офисі өз жұмысын бастағанын хабарлады.

– Жобалық басқару саласындағы біліктілік мемлекеттік менеджерлер үшін бүкіл әлемде қалыпты стандартқа айналды. Ал біз оның не үшін керектігін түсіндіруден және орындаушыларды кеңсемен бірлесе жұмыс істеуге үгіттеуден аса алмай отырмыз. Әкімдер жаңа талапқа бейімделе білу керек. Жобалық кеңсе жетекшілеріне де шынайы жағдайға орай ойланып, прагматикалық тұрғыдан әрекет еткен жөн. Заманға қарай бейімделу керек. Әйтпесе, көш соңында қалуымыз мүмкін. Әділетті әрі дамыған мемлекет құру үшін жаңа кадр саясатын жүргізу керек. Алдағы өзгерістер, ең алдымен, адам капиталына қатысты болады. Жаңа кадр саясаты меритократия және кәсібилік қағидаттарына негізделеді, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Президент келесі жылы орталықта және жергілікті жерде ауқымды кадрлық өзгеріс жасалатынын атап өтті. Оның айтуынша, бастықтардың үнемі бүйрегі бұрып тұратын адамдарымен қоштасуына тура келеді. Олардың орнын жаңа кадрлар басады. Қазақстанға тиімді жұмыс істейтін технократтар қажет.

– Министрлер және әкімдер өзіне қолайлы адамдарды ғана қызметке тағайындайтын әдетті доғаруға тиіс. Министрліктердің өзінде «керек адамын» тағайындау үшін заң талаптарын аттап өтетін немесе қалауынша өзгертіп алатын жағдайлар бар. Бұл әрекеттер барлық жерде кездеседі. Жер инспекциясы, құқық қорғау саласы, ревизиялық комиссия және басқа да бақылау органдары жергілікті биліктің ықпалында болмауы керек. Әділ бәсеке болмаса, кәсіби мамандар мемлекеттік қызметке қызықпайды. Дарынды жастар мемлекеттік қызметке келуге құлықсыз. Аймақтарда тек сол өңірдің азаматтары жұмыс істеуі керек деген қасаң түсініктен арылу керек. Адамның білікті болуы оның туған жеріне байланысты емес. Жұмыстың нақты нәтижесімен ғана бағаланады. Сонымен бірге квазимемлекеттік секторда тәртіп орнататын кез келді. Корпоративтік басқарудың икемді болуы – ойыңа не келсе, соны істеу деген сөз емес. Азаматтарды қызметке тағайындау барынша ашық және әділ болуға тиіс. Себебі бұл – ең алдымен, халыққа тиесілі мекемелер. Президент Әкімшілігі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы тағайындауларды үнемі бақылауда ұстап отыруы керек. Жеке адамдардың мүддесін көздейтін кез келген әрекетке тосқауыл қойылуға тиіс. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жеке сектордағы білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін қолайлы жағдай жасауы қажет. Елімізді өркендетеміз десек, бәріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардағы атқарушылық тәртіпті сынға алды. Президенттің айтуынша, мемлекеттік аппарат берілген тапсырмаларды атүсті орындайды. Түрлі себептермен созбалаңға салып, орындалу мерзімі бірнеше рет кейінге шегеріледі.

– Жыл басынан бері Президент Әкімшілігі тапсырмалардың орындалу сапасына қатысты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың атына 400-ден астам сын-ескертпе жолдаған. Ал осы тапсырмалардың негізгі үйлестірушісі – Үкімет тарапынан қадағалау тиісті деңгейде жүргізілген жоқ. Үкімет қызметін қамтамасыз етуге тиіс Премьер-Министр Кеңсесінің жұмысы тек мемлекеттік органдардың дайын есебін жібере салумен шектеледі. Премьер-Министр Кеңсесінің ведомствоаралық үйлестіру және салааралық мәселелерді шешу жөніндегі рөлін арттырып, Үкіметтің шағын аппараты ретінде көшенді түрде трансформация жасаған жөн. Мемлекеттік орган басшылары жекелеген мәселелер бойынша бұрынғыдай шешім қабылдаудан қорқады. Түрлі желеумен менің немесе Президент Әкімшілігінің мақұлдауын алуға тырысады. Кейде Үкімет мүшелеріне жазбаша тапсырма беруге тура келеді. Әйтпесе тапсырманың орындалмау, жобаның толық аяқталмай қалу қаупі бар. Бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Жарлық аясында біз Үкімет пен уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын ағымдағы мәселелер бойынша Президент Әкімшілігіне құжат жолдауға тыйым салдық. Алайда бұл тәжірибе әлі жойылған жоқ, – деді Президент.

Жиын барысында Премьер-Министр Әлихан Смайылов еліміздің даму барысы және келесі жылдың жоспары туралы, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов ақша-несие саясаты жөнінде, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Екібастұздағы жағдайды қалпына келтіру жұмыстарына қатысты баяндама жасады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Алматы қаласы, Маңғыстау және Ұлытау облыстары әкімдерінің баяндамаларын тыңдап, өрқайсысына нақты тапсырма берді.

← 1

Фракция отырысы

**«Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты «Amanat» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі аудан бойынша жол картасының жыл соңына дейін орындауда біршама жоба қолға алынған. 7 бағытты қамтитын 19 индикатор, 87 іс-шараны қамтитын аталған жол картасының биыл 11 айда 82 іс-шарасы жүзеге асқан. Яғни бұл меженің 94,3 пайызын құрайды. Ал 5 іс-шараның, яғни меженің 5,7 пайызының әлі де мерзімі бар. Аудандық мәслихаттағы «Amanat» партиясының депутаттық фракциясы отырысында экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова осылай деді.**

# МАҚСАТ АЙҚЫН, ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛІ

Күн тәртібінде бір мәселе қаралып, мұнан әрі бөлім басшысы іс-шарадағы жобалардың атқарылу барысына кеңінен тоқталды. Жұпар Хамитқызы «Экономикалық тұрақты аймақ» бағыты 16 тармақты қамтитынын айтады. Бұл бағытта жергілікті кәсіпкерлердің жеке қаражаты есебінен биыл жоспарланған жобалар жүзеге асып жатыр екен.

Биыл «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған» ұлттық жобасы аясында қысқамерзімді оқуға 29 адам жолданып, жоспар толығымен орындалған. Бұл бағытқа бөлінген қаражат көлемі 6,5 млн теңгені құрайды.

Мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында шағын және орта кәсіпті бастау, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған кәсібін әрі қарай дамыту бағытында 417 жоба жалпы құны 2 млрд 822 млн теңге қаржылай қолдау тапқан. Нәтижесінде 430 адам екі қолға бір күрек тауыпты.

Жұпар Хамитқызы кент орталығындағы «Ақниет» дүкенінен әлеуметтік бұрыш ашылғанын айтады. Дүкен иесі бүгінде «Байконур СПК-мен» меморандумға отырған. Қазіргі таңда әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері, оның ішінде ұн, күнбағыс майы, қант, макарон өнімдері нарықтан төмен бағада сатылып жатыр екен. Әрине бір дүкен жанынан ашылған жалғыз бұрышпен белгілі топтағы отбасы мүшелерін қамту қиынға соғады. Оның үстіне әр өнім әр адамға белгілі мөлшерде сатылады. Осы ретте аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Ғабит Ербол алдағы уақытта дүкендер жанынан мұндай бұрыштарды әлі де ашуға жұмыс жасалатынын жеткізді.

Биыл желтоқсан айына дейін мал шаруашылығын дамыту бағытында мүйізді ірі қара санын 37 800-ге жеткізу мәжеленсе, бүгінде сиыр саны 38 206 басқа жеткен. Яғни ірі қара, 1,1 пайызға, жылқы 37,9 пайызға, түйе 2,5 пайызға артқан. Нәтижесінде аудан бойынша асылтұқымды малдың үлесі 2 пайызға жеткен.

Жұпар Хамитқызы 11 айда аудан бойынша жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 845-ке жеткенін айтады. Ал жол картасының «Жайлы аудан» бағыты бойынша биыл аудан бюджетіне ҚР Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт және облыстық бюджет есебінен аудандық маңызы бар Бұқарбай батыр елді мекеніне кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеуге 196,6 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары толық аяқталыпты.

Аудандық маңызы бар «Самара-Шымкент-Еңбек-Есет батыр» автомобиль жолының 17,1 шақырымын орташа жөндеу жобасын бастауға 100 млн теңге қаржы бөлінген. Бүгінде онда жол құрылысы жүріп жатыр. Мұның өтпелі жоба екенін де еске салайық. Яғни келер жылы жобаны толық аяқтауға 196 млн теңге қаржы бөлініп қойған.

Биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында М.Шәменов ауылындағы жалпы құны 121,8 млн теңгені құрайтын 9 көшені орташа жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Енді Ұлттық сапа орталығынан тексеру жүреді. Мырзабай ахун ауылындағы жалпы құны 131,5 млн теңгені құрайтын 2 көшені күрделі жөндеу жұмыстары да толығымен аяқталып отыр. Бірақ мердігер мекеме тарапынан жұмыстар уақытында орындалмауына байланысты сот отырысы күтілуде. Еңбек ауылындағы жалпы құны 110,6 млн теңгені құрайтын 3 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталған. Мердігер тарапынан жұмыстар уақытылы орындалмауына байланысты мұның да сот отырысы күтілуде.

Бөлім басшысы облыс тайқазанынан Аққыр елді мекеніндегі А.Ахетов және Жаңадария елді мекеніндегі Абай көшелерін күрделі жөндеуге 72,2 млн теңге қаржы бөлінгенін айтады. Бүгінде қос көшенің жөндеу жұмыстары толығымен аяқталып, пайдалануға берілген.

Облыстық бюджет есебінен Жалағаш кентіндегі Конституция және Н.Апрезов көшелерін орташа жөндеуге 28,2 млн теңге қаржы қаралған болатын. Қазіргі таңда Конституция көшесінің құрылыс жұмыстары толығымен аяқталған. Ал Еңбек Ері Н.Апрезов көшесі желтоқсан айының аяғына дейін пайдалануға беріледі.

Баяндамашының сөзіне сүйенсек, биыл бекітілген аудан бюджетінен «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында алдағы жылдарға қаржыландыруға Жалағаш кенті, Бұқарбай батыр, Есет батыр, Аққұм, Ақсу елді мекендерінің инфрақұрылымын дамытуға, ішкі жолдарын жөндеуге жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге 24,2 млн теңге қаржы бағытталып, құжаттар әзірленген. Келер жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Еңбек елді мекенінің ішкі 3 көшесін, Бұқарбай батыр елді мекенінің ішкі 3 көшесін орташа жөндеуге және Жалағаш кентіндегі М.Шәменов көшесін, М.Шәменов елді мекеніндегі Бұқарбай батыр көшесін күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 558,9 млн теңгеге қаражат мақұлданған.

Ел тайқазанынан кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында кенттегі 5 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін республикалық бюджеттің ішкі заем есебінен 36 млн теңге қаржы бөлініп, жұмыстар толық аяқталған. Ал Еңбек және Есет батыр ауылдары аралығындағы ПК-16 көпірін қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге былтыр 59,7 млн теңге бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл өтпелі жоба болатын. Сондықтан биыл тағы бұл көпірдің құрылысына 79,6 млн теңге қаржы қаралған. Қазіргі таңда көпір бетіне асфальт төселіп, көпір үстіне қоршаулар орнатылып, сырлау жұмыстары жүргізілуде. Канал жиегіне темірбетон плиталар орнатылып, суағарлар қойылуда. 30 желтоқсанға дейін жұмыстар толығымен аяқталады. Жобаның жалпы құны – 149,9 млн теңге.

ҚР Ұлттық қоры есебінен кенттегі «Ақтерек» жер учаскесінен су ұңғымалары және су жинау-тарату кешенінің құрылысына 361,2 млн теңге бөлінген. Сондай-ақ Аққұм елді мекенінің су тарату жүйесінен аулаішілік су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысына 184,2 млн теңге, Мәдениет елді мекенінің су тарату жүйесінен аулаішілік су тарату желісін кеңейту, тұтынушыларға су тарату желісінің құрылысына 140,4 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда кенттегі «Ақтерек» жер учаскесіндегі су ұңғыма кешенінің құрылыс жұмыстарының 90 пайызы аяқталса, Аққұм елді мекенінің су тарату желісін кеңейту жұмыстары аяқталуға жақын, ал Мәдениет елді мекенінің кеңейту жұмыстары да 90 пайызға бітіп тұр. Бұл жобалардың да негізінен өтпелі болғанын айта кетейік. Бірақ 2023 жылға жобаны толық аяқтауға қаржысы шешілген.

Партияның фракция отырысында кенттің жобаланған жаңа аймақтары «Ақтерек» 170 гектар тұрғын үй салу аумағын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, яғни электр, ауыз су желілерін тарту жобаларына ел тайқазанынан 577,8 млн теңге қаржы бөлінгені айтылды. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба да өтпелі, бірақ қазірдің өзінде 2023 жылға қаржысы толық шешілген. Инфрақұрылымның газ, жол жобалары мемлекеттік сараптамадан өтіп, құжаттары дайын тұр екен. 2023 жылы инфрақұрылымға газ желісін тартуға жалпы құны 601 млн теңге қаржы мақұлданған. Ал аталған жер учаскесіндегі жол құрылысы жобасының құны 2506,1 млн теңгені құрайды.

Басқосуда биыл Мәдениет және өнерді дамыту орталығы, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі, аудандық қаржы бөлімі нысандарының жылу жүйесін газ желісіне көшіру үшін облыстық бюджеттен 80,2 млн теңге қаржы бөлінгені айтылды. Бүгінде аталған мекемелер орналасқан нысандарға газ тарту жұмыстары толығымен аяқталған. Баяндамашының сөзіне сүйенсек, ауданда газ тарту жұмыстары мұнымен шектелмейтін сыңайлы. Яғни алдағы уақытта мұнан өзге біршама жоба қолға алынатын көрінеді.

– Ақсу елді мекенін орталықтандырылған газ желісімен қамтамасыз етуге жобалау-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен былтыр 9,2 млн теңге бөлінді. Жобалаушы мекеме жоба-сметалық құжат әзірлеп, мемлекеттік сараптамадан өтіп, бүгінде құжаттары дайын тұр. Жобаның жалпы құны – 545 млн теңге. Облыстық энергетика басқармасына бюджеттік өтінім тапсырылған.

Биыл М.Шәменов елді мекенін газдандыру жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен 7,6 млн теңге қаржы бөлінді. Қазіргі таңда жоба-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сараптамаға дейінгі құны – 660 млн теңге. Сонымен қатар 2022 жылға республикалық бюджеттен «Ауыл – Ел бесігі» жобасына қосымша қаржы қарау мақсатында ауданнан Жалағаш кентіндегі «Ақмаржан», «Күншуақ», «№19 санаториялық бөбекжай» балабақшасы ғимараттарының жылу жүйесін газға ауыстыру жобаларына ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін кепілдендірілген трансферт есебінен 49,9 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда «Ақмаржан», «№19 санаториялық бөбекжай» балабақшасы ғимараттары толық газге қосылған. Ал «Күншуақ» балабақшасына көгілдір отын тарту жұмыстары жалғасуда. Бұл бағыттағы жұмыстар да 30 желтоқсанда толық аяқталады.

Кентке кіреберіс облыстық маңызы бар автомобиль жолының бойына 12 гектар жасыл белдеу құру жобасының құжаттары да дайын тұр. Жоба құны – 548,5 млн теңге. 2023 жылы республикалық бюджет есебінен қаржыландыруға ұсынылды, – дейді Жұпар Баймаханова.

Хабарламашы әлеуметтік бағдарланған аймақ бағыты бойынша да ауданда атқарылған жұмыстарды саралады. Оның сөзінше, 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды бүгінге дейін мектепке дейінгі тәрбиемен 89,1 пайызға қамтуға мүмкіндік туған. Ал аудан мектептерінің 75 пайызы жаңа модификациялық кабинеттермен қамтамасыз етілген. Биыл 5 пәндік кабинет, оның ішінде 2 биология, 2 физика, 1 химия кабинеттеріне қажетті құрал-жабдықтар алуға 40,7 млн теңге қаржы бөлініп, кабинеттер толық қамтамасыз етіліпті. Сондай-ақ 5 мектепке 40,7 млн теңгеге бейнебақылау камералары орнатылған. Бұл жұмыстардың балалар қауіпсіздігі үшін маңызды екенін жақсы білеміз.

Фракция отырысында биыл білім саласы бойынша атқарылған жұмыстар, мемлекеттің аталған салаға қолдауы және оның нәтижесі де сараланды. Мәселен, биыл ҰБТ-ға аудандағы 358 мектеп бітірушінің 312-сі қатысқан. Аудан бойынша қатысу деңгейі 87,2 пайызды құрайды. Орташа балл – 81,2. Оның ішінде 45 түлек 100 баллдан жоғары жинаған.

Жұпар Баймаханова медициналық қызметтердің қолжетімділігі, жалпы қызмет сапасын арттыру мақсатында облыстық құрылыс басқармасы арқылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында Тан ауылында жалпы құны 140 млн теңгені құрайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстары аяқталып, бүгінде пайдалануға берілгенін айтады. Денсаулық нысандарын жаңалау келер жылы ауданға қарасты тағы қос елді мекенде жалғасады екен.

– Мырзабай ахун елді мекенінде жоба құны 431 млн теңге, Есет батыр елді мекенінде жоба құны 410 млн теңге болатын дәрігерлік амбулатория құрылысы 2023 жылға «Нұрлы жол» бағдарламасына қаржыландыруға ұсынылды. Биыл инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептің үлесі 80 пайызды құрап отыр. 2022 жылы 9 млн теңгеге аудандағы №122, 124, 232 мектептер 3 инклюзивті кабинетпен қамтылды. Сондай-ақ облыстық бюджеттен стритбол алаңын салуға 11,5 млн теңге бөлініп, «Наркескен» спорт клубы жанынан салынған стритбол алаңы пайдалануға берілді. Биыл Аққыр, Бұқарбай батыр, Мырзабай ахун, Жаңаталап елді мекендеріндегі спорт алаңдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге аудан бюджетінен 19 млн теңге қаржы қаралып, жұмыстар толығымен аяқталды. Сонымен қатар демеушілер есебінен Дәуімбай учаскесінде, Бұқарбай батыр, Есет батыр елді мекендерінде балалар ойын алаңы пайдалануға берілсе, Тан елді мекенінде жабық спорт кешенінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Ал былтыр «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жалағаш кентінен дене шынықтыру және сауықтыру кешені құрылысын салуға республикалық бюджеттен 217,1 млн теңге бөлінді. Жобаны аяқтауға 2022 жылға республикалық, облыстық бюджет есебінен 199,7 млн тенге қаржы қаралып, жұмыстар атқарылуда. Аталған нысан жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі. Аудан халқының бұқаралық спортпен шұғылданатындар үлесі 34 пайызға жетті. олардың үлесін негізінен 32 пайызға жеткізу көзделген, – дейді Жұпар Хамитқызы.

Ол биыл Жалағаш ауданында 189 жас тұрақты жұмыспен қамтылғанын айтады. Әлеуметтік салалар бойынша «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы 42 маманға тұрғын үй сатып алуға 192,9 млн теңге қаржы бөлініп, тиісті қаражат бүгінде толығымен игеріліпті. Жастар ресурстар орталығында коворкинг орталығында түрлі форматтағы шараларға аудан жастарының 55 пайызы қатысқан.

Бөлім басшысының сөзінше, ауданда партияның «Бақытты отбасы» жобасы аясында 19 қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. Аталған бағыт бойынша іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес әлі де өткізілуде.

Биыл М.Шәменов елді мекеніндегі ауылдық мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеуге «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында ҚР Ұлттық қорынан бөлінетін кепілдендірілген трансферт есебінен 142,7 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Хабарламашы жыл аяғына дейін оның да жұмысы толық аяқталатынын айтады.

Келер жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасына Мырзабай ахун, Аққұм елді мекендеріндегі 100 орындық ауылдық клуб ғимаратының құрылысына қатысты қос жоба ұсынылған. Сонымен қатар Бұқарбай батыр елді мекеніндегі ауылдық мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттар әзірлеуге жергілікті бюджеттен 3,2 млн теңге қаржы қаралыпты. Тиісті құжат бүгінде мемлекеттік сараптамадан өтуде.

– Ашық және есепті жергілікті органдар бағыты бойынша 7 тармақ қамтылған. Электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесі есепті мерзімде 80,4 пайызға жеткізілді. Меже – 70 пайыз. Қауіпсіз аудан бағыты бойынша 2022 жылы облыстық бюджет есебінен М.Шәменов елді мекеніне кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолын жарықтандыруға 17,2 млн теңге және Жалағаш кентіндегі Қазбек би көшесінің көше жарық шамдарын қайта жаңғыртуға 22,8 млн теңге қаржы бөлініп, жұмыстар толық аяқталды. 2020 жылы Жалағаш кентінің «Дәуімбай» учаскесінен бір пәтерлі 3 бөлмелі жалдамалы 30 тұрғын үй құрылысына жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, 3 бөлмелі жалдамалы 10 тұрғын үй құрылысына қаржы бөлініп, сол жылы құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Қазіргі таңда жобаның қалған бөлігі бір пәтерлі 3 бөлмелі 20 тұрғын үй құрылысына облыстық құрылыс басқармасына бюджеттік өтінім жолданды. Сонымен қатар, демеушілер есебінен Жаңаталап, Т.Жүргенов елді мекендерінде әлеуметтік осал топтағы тұрғындарға 7 тұрғын үй салынды. Блогерлер және халықтың көмегімен Еңбек, Қаракеткен, Бұқарбай батыр, Мырзабай ахун елді мекендерінде тұрғын үйі өртенген азаматтарға 4 тұрғын үй сатып алынды, – деді Жұпар Хамитқызы.

Сөзін қорытындылаған бөлім басшысы алдымызда әлі де атқарылар бірқатар ауқымды міндеттер тұрғанын тілге тиек етіп, аталған шаралар кезеңкезеңімен жүзеге асатынын жеткізді.

Мұнан кейін фракция мүшелері, халық қалаулылары бөлім басшысына сауалды қос-қостап жолдады. Жұпар Хамитқызы да бүгінгі жиналысқа тыңғылықты дайындықпен келген. Тіпті әрбір сұраққа нақты жауап беретін бөлім басшыларымен бірге келген. Бір сөзбен айтқанда, баяндамашыға қойылған сауалдың ешқайсысы жауапсыз қалмады.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

# ТҰМА

## балалар шығармашылығына арналған бет

### ҚҰРАҚТАЙ БАЛҒЫН, БҰЛАҚТАЙ МӨЛДІР

**Біздің басылым бұдан бұрын Балалар жылына орай балалар шығармашылығын қолдау мақсатында «Тұма» айдарын ашып, онда жергілікті жас ақындардың бір топ өлеңдерін жариялап, қауырсын қалам иелерінің балауса жырларын оқырмандарға паш еткен едік. «Тұма» айдарының кезекті нөмірінде балалар шығармашылығына қалам тербеп жүрген ақын, жерлесіміз, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Қуат Ахетовтің кішкентай балақайларға арналып жазылған бір топ өлеңдеріне де кезек келді. Бұл тартуымыздың жас жеткіншектерге керемет көңіл-күй сыйлауына тілектеспіз!**

### Шөл

Гүл шықпайды белге де,
Бұл жерде жоқ көл неге?
Қанша қатал болғанмен,
Тіршілік бар шөлде де.

Күн де қанша төксе нұр,
Шықпайды ешбір ексе гүл.
Шөл далаға өседі,
Тек төзімді сексеуіл.

Топырағында торқалы,
Құм даланың тарпаңы.
Отқа күймес тұяғы,
Құлан ғана жортады.

Жазық па жоқ шеті, ені,
Не құмдардың етегі.

Бұл шөл дала бағзыдан,
Ақбөкендер мекені.

Бұл жерде жоқ ну алап,
Бірер тамшы су – азап.
Күнге қақтап қанатын,
Шөлде жүрер Дуадақ.

Шөлден тауып тұрағын,
Мекені боп құба құм.
Кесіртке де көтерген,
Табиғаттың сынағын.

Сағым арбап көзінді,
Ұмытасың өзіңді.
Шөлдегі осы тіршілік,
Шыңдай түсер төзімді.

### Қуыршағым бар менің

ҚУЫРШАҒЫМ БАР МЕНІҢ
Жасырынып менен бұл,
Асырды ма айласын?
Тілдесейік кел енді,
Қуыршағым қайдасың?

Шомылдырып алайын,
Шашыңды да тарайын.
Тамағыңды берейін,
Сабағыңды қарайын.

Болма тентек, жылауық,
Ойнатайын бір ауық.
Төсегіңді қамдайын,
Кетпей тұрып түн ауып.

Кешірейін қатеңді,
Тыңдашы тек тәтеңді.
Ертегі айтып берейін,
Кел, жаныма жат енді.

### Өрттен сақта өмірді

Жаңғыртып ішін қаланың,
Қорқытып барлық баланы.
Өрт сөндіргіш көліктер,
Көшемен заулап барады.

Дабылы құлақ тұндырған,
Жүйткейді олар тым жылдам.
Дауысы неткен үрейлі,
Үйлдеп, гулеп, шыңғырған.

Көбік толтырған ішіне,
Тым әбжіл қимыл, ісі де.
Қызылға түгел боялған,
Өзінің өрттей түсі де.

Біледі мұны бүгінде ел,
Біледі мұны жұмыр жер.
Қызыл түс – қауіп-қатердің,
Белгісі екен, біліңдер!

Жүрісі желдей жедел-ді,
Аралайды олар ел-елді.
Көшелерінде қаланың,
Оларға болма кедергі.

Үлгі алған барлық балалар,
Құрмет қылатын аналар.
Отыр сол көлік ішінде,
Өрт сөндіруші ағалар.

Тігеді басын қатерге,
Кіреді жанған пәтерге.
Құтқарған қанша адамды,
Олардың мақтан аты елге.

Құтқарып өрттен даланы,
Құтқарып өрттен қаланы.
Өмірін сақтап халықтың,
Бәрінен алғыс алады.

Қарсылық қылып «қауғамен»,
Алысқан тілсіз жауменен.
Солар ғой нағыз батырлар,
Таласқан даңқы тауменен.

### Балалар мен аралар

Ну орманда балалар,
Мәре-сәре болады.
Ызыңдаған аралар,
Гүлден-гүлге қонады.

Жидек терді балалар,
Арасында алды ойнап.
Ал, еңбекқор аралар,
Гүлдерден жүр бал жинап.

Көтерілді күй көкке,
Айналаға ән қонды.
Себет толды жидекке,
Омартаға бал толды.

Еңбек етсең тарайды,
Бойға – қуат, жанға – нұр.
Қоңыр қонжық қарайды,
Жидекке бір, балға бір.

Оны мұнша тәттіге,
Қойған қалай құмар қып.
Ұрлап жейтін сәт міне,
Кеп қалар деп тұр аңдып.

### Қамшы

Бабалардан жаңғырып,
Бізге жеткен бар ғұрып.
Ұстамапты қамшыны,
Сабау үшін малды ұрып.

Тобылғыдан сапталған,
Күміспенен апталған.
Қайыс өрім қамшының,
Кім бар сырын ақтарған?

Найзағайға әйгілі,
Деп білеміз сай мұны.
Қамшыда бар халқымның,
Аласармас айбыны.

Қаһарымен қамшының,
Жауымды да жаншыдым.
Намысымды қорғадым,
Арымды да аршыдым.

Аққанда қан тамшылап,
Тұра алмапты жан шыдап.
Ез жігітті қайрапты,
Ар-намысын қамшылап.

Күнәсі ауыр болса да,
Жүгінбей-ақ «қолқаға».
Талай дауды шешіпті,
«Қамшы тастап» ортаға.

Баба жолы – көшке ерген,
Қаншама ұрпақ өсті елден.
Керегеге ілінген,
Қамшыны сес көрген.

Дүбір шықса іргеден,
Болады ғой кім де елең.
Түскен үйге жолаушы,
Қамшы ұстап кірмеген.

Болса егер де ниеті игі,
Татулығы бекиді.
Осы қамшы емес пе,
Туыс қылған екі үйді?!

Қасиеті – жауға айқын,
Әділеттен аумайтын.
Хабарды да жеткізген,
Адам тілі бармайтын.

Шығарма сен ойыңнан,
Есте сақтап қой, ұлан!
Жынды қуған бұл қамшы,
Дертті жанның бойынан.

Білмесе егер мұны кім,
Лайлайды тұнығын.
Ендеше, оқып, тоқып ал,
Қазақ-Қамшы – бір ұғым!

### Білу керек есеп

Үй соғамыз десек:
Білу керек есеп!

Жол саламыз десек:
Білу керек есеп!

Ұшқыш болам десек:
Білу керек есеп!

Мерген болам десек:
Білу керек есеп!

Доп ойнаймыз десек:
Білу керек есеп!

Білмесеңдер есеп,
Ойың қалай өсед?



### Наурыз тойы

Қыс қыр асып кетті аулақ,
Шығады енді көк қаулап.
Наурыз тойы басталды,
Жерошақта от лаулап.

Жердің тұнық тұнбасы –
Жылт-жылт етті жылғасы.
Жақсылықтың бастауы –
Келді міне, жыл басы!

Жылдан жылы жетті леп,
Күн де нұрын төкті кеп.
Жас желекке ақ құйдық,
«Ақ мол болсын!»,– деп тілеп.

Білінгеннен қасқа таң,
Жасады әжем асқа қам.
Жас көшеттен тал егіп,
Бұлақ көзін ашты атам.

Қалғығанда тыныш түн,
Қыдыр кезді қыр үстін.

Татуласты араздар,
Ұлы күні Ұлыстың.

Шырқалғанда ән-дастан,
Жаңғырып тұр таңғы аспан.
«Наурыз көже» қайнайды,
Жеті түрлі дәм қосқан.

Еріп ақ қар – ақ әлем,
Алды бір сәт дала дем.
Асыр салып, ойнаған,
Той қызығы – баламен.

Күшті деп кім қаншалық?
Тоғашы жүр жар салып.
Белдеседі палуандар,
Жығу үшін жан салып.

Бәйге алаңын шаң қылып,
Тәмам жұртты таң қылып.
Шын жүйріктер қара үзді,
Шабандарды қалдырып.

Дәл осындай құтты күн,
Шабандоздар шықты кіл.
Көкпар кетті додадан,
Тақымында мықтының.

Жылдың басы – елге құт,
Кетсін бәле жерге еніп.
Алтыбақан тебеді,
Қыз-бозбала тербеліп.

Ақ көл-көсір, асың да...
Молшылық қой, расында.
Ақ батасын берді атам,
Дастарханның басында.

Табиғатпен жарасқан,
Елім осы – бағы асқан.
Ән салып тұр барлығы,
Тамсанып тұр дала, аспан.

# Еркіндік еңсеңді тіктеп, қадамыңды нығайтады

**«Тәуелді деген сөзді тудырған күштілер» дейді Шерхан Мұртаза бір сөзінде. Иә, ол табиғи заңдылық. Жанды жаратылыс иелеріне тән әлсіздерді басыну, әлімжеттік жасау, күш көрсетіп өзгенің жеке кеңістігіне өтіп кету адамға таңсық дүние емес. Әуелгіге үңілмей-ақ тарихтан білетін көтерілістерге зер салайықшы. Не үшін қазақтың марғасқа жігіттері қолдарына найза ұстап, садақ асынды? Неге Махамбет Өтемісұлы «Қасарысқан жауына, Қанды көбік жұтқызбай. Халыққа тентек атанбай, Ерлердің ісі бітер ме?» деп жырлады? Не себепті тарихтың қай кезеңін ашсақ та қазақтың нәубетіне кезігеміз?**

Кеудеде сайраған сансыз сауалдың жауабы бір – қазақтың болмысы тәуелділікке арналмаған. Қазақ тектілік тұғырынан түспеген, өз несібесін Жаратқаннан тілеп, еткен еңбектен ғана күткен халық. Ешкімге алақан жаюды да мақсат етпеген, барға қанағат, жоққа сабыр еткен жұрт. Мамыражай күнде тірлігін кешіп, малын тұрмысына серік етіп, сәйте тұра мәдениеті мен асыл дінінен ажырамаған ел. Қашанда берекені қашырып, бейбітшіліктің бедерін бұзғысы келетіндер қаперсіз отырғанға тұтқиылдан тап келмей ме? Олардың ашкөздігі, өзінде жоқты өзгеден көре алмайтын іштарлығы, таяз ойлайтын саяз ақылы мен адамгершіліктен жұрдай әрекеттері адамдықтан аттауға итермелейді емес пе? Адамзат жаралғалы бері қай қоғам болсын мінсіз болмаған. Сонау Адамның (а.с) тура ұрпақтары да бір-біріне зұлымдық жасап, қызғаныш деген қызыл оттың жалынына күйе барды. Демек, Алла адамзатты жаратқанда нәпсіні берсе, сол нәпсінің бір пәрмені – қызғаныш әуел бастан адам бойын билесе, әлі күнге дейін бірді-бірді қоспай келеді.

Сөз басында айтқанымыздай, қазақ халқы тәуелді болуға жаралмаған. Дұрысында, ешбір ұлт, ешбір халық бір-біріне тәуелді болуға міндетті емес. Адамзат тәуелді болатын бір ғана күш – Жаратушы. Ал қалғандарынікі әлімжеттік, әуелгі жаратылысының әлсіз тұсын мойындамауынан деп түсінеміз. Негізі тарихқа көз жүгіртсек, талай қиын кезеңдерді бастан кешіппіз. Талай қазақ қасық қаны қалғанша етектен ентелеп, аяқтан шалған алакөзділерге тойтарыс беріпті. Тіпті ақжаулықты аналарымыз да ерлермен қатар атқа шауып, ауыл-аймақты ер азаматтар жоқта қорғап бағыпты. Бір ғана мысал, Жалағаш төңірегінде орын алған қанды оқиғаны қозғай кетсек. Бәрімізге белгілі Шынар анамыздың ерлігін дәріптейтін ел аузында жүрген әңгіме де бар. Біле білсек, «Шынар көлдің» атауы осы кісінің есімімен байланысты.

...Бұқарбай батыр нөкерлерін ертіп, шапқыншылықпен ұзақ уақытқа жорыққа кетеді. Соны естіген қоқандықтар батырдың әйелін өлтіріп, кек алмақшы болады. Бір күні Сыр өңірін, Сырдария бойын жайлап отырған Бұқарбай батырдың ауылына келіп тұтқиылдан шабуыл жасайды. Сол сәтте «Еркегі жоқ бейбіт ауылды шапқалы тұрғандарың қай сасқандарың, қарапайым халыққа, бала-шағаға тиеңдер, мен керек болсам алдарында тұрмын» деп, шапқыншыларға қарсы тұрған екен. Бірақ, қоқан шапқыншылары оны қоршап, қыспаққа алады. Ақырында найза түйреп өлтіріп, денесін көлге тастайды. Жаумен шайқас кезіндегі Шынар анамыздың ерлігін көрген ауыл адамдары Шынардың денесін арулап, көлдің жағасына көмген көрінеді. Сейтіп ел жайлаған көл «Шынар көлі» атанып кетеді. Негізінде батырдың жарының өлімімен байланысты бір-екі аңыз-әңгіме бар. Солардың ішіндегі шындыққа жанасатыны да, көнекөз қариялардың білетіні де осы әңгіме. Ал бұл біз айтқан қазақ әйелдерінің ерлік істерінің бір үзігі ғана.

Ер азаматтар жоқ болса да жауға қарсы тұра білген аналарымыздың әрекетінен де қазақтың қанында тек қана еркіндік қайнап тұрғанын түсінеміз. Өйткені біз ешкімге тәуелді болуға, біреудің қоластында күн кешуге жаралмадық. Ал кезіндегі сан қилы замандағы шапқыншылықтар, ұлт-азаттық көтерілістер, кешегі Кеңестік кезеңнің ойраны бәрі-бәрі түбінде қазақты өз боданында ұстап қала алмады. Қалай болғанда да қазақы болмысымыздан айнымадық, тектілігімізді жоғалтпадық, түптің түбінде аз ғана уақытқа көз жазып қалған еркіндігімізді қайтарып алдық. Осылай дейік. Тек қазақ тәуелді болды, бодан болды демейік.

Осыдан отыз бір жыл бұрын күллі қазақ даласын жақсы жаңалықтың жаршысы аралап кетті. Бұлттан соң шұғыласын шашып, жарқ еткен күн нұрындай бұл хабар әр жүрекке ерекше жылу сыйлады. Бұл күн – тарихтың күңіренген естеліктеріндегі азаттықты аңсап өткен ата-бабамыздың, кешегі 86-ның қанды қырғынында мұз жастанған намысты жастардың, тіпті қаны қазақ әрбір азаматтың жүрек жүкпіріндегі үкілеген үміті еді. Бүтін бір ұлт дербестігін жариялап, көк аспанда еркін самғаған қыран құстай еркіндігіне қайта қол жеткізген сол жылдың тартуы елдің есінде мәңгіге жаңғырып тұр.

Тарихи жадымыз қайта жаңғырып, ұрпақ алдындағы борышымыз орындалсын десек, бабалар аманатына құрметпен қарап, оларды ұлықтау ісінде өзгелерден озық болуымыз керек. Ең бастысы бүгінгідей күнде өзгерген алмағайып заманда тіліміздің шұбарланып, жұлмалануынан, ұлттық құндылықтарымыздың ұмытылып, жоғалуынан сақтанып, ар-намысымыз бен егемендігіміздің биік болуын бірінші орынға қойсақ екен.

Ал кешегі батыр бабалардың, жаужүрек батырлардың жалғасы бүгінгі ұрпақ. Осындай атадан жеткен аманатты мойнымен көтеріп жүруді азаматтық парыз санаған кез келген қаны қазақ азаматтың Отанға деген сүйіпеншілігінің жоғары екені даусыз дүние.

**Айзат МАМЫТОВА,**
**№203 орта мектептің**
**орыс тілі пәні мұғалімі**

Қолөнер

**Ауыл деген шіркін берекелі еді ғой. Анамыздың тынымсыз тіршілігін көріп, бүгінде біраз нәрсені ойға оралтамыз. Таңғы 5-те басталған күйбең тірлік мал сауып, сүт пісіріп, таба нан жабу, даладағы қара қазанға тамақ істеумен түйінделетін. Ойпырым-ай, беліне бөкебайын байлап алып арасында бізге жүн түткізіп, жіп иіріп, жемпір, орамал, қолғап, шұлық тоқып, бір тынбайтын қайран шешем. Жалғыз менің анам ғана емес, ауылдағы қарт кісілердің ермегі жүн бояу, оны иіру, киіз үйге түрлі оюлармен әшекейленген бау тоқу болатын. Бала күнімізде ауылдағы кемпіршуақта отырып, әңгіме-дүкен құратын әжелерді жиі көзіміз шалушы еді. Өткен-кеткенді қозғап, әріден сөз бастайтын көненің көздерінің қолы бос болмайтын. Қаһарлы қыстың ызғарында киетін тоқыма киімдерін қамдап отыратын. «Ақ күшігім жүгіре-жүгіре буаз болды» демекші аяқ-қолы тынбай ұршық иіретін әжелер бас қосқан сондай бір уақытта кесектей-кесектей аппақ тоқыма жіптерді әп-сәтте-ақ төгіп-төгіп тастайтын.**

# Көнеден жеткен кәсіп

Әбден тәжірибе жиған әжелер саусақтың басымен қылқыбырдан түгел тазартқанда тегіс иірілген жіп ұзынынан ширатыла қалатын. Сондықтан шығар, тоқылған киім де зауыттан шыққандай мінсіз болып көрінеді. Айта кетерлігі, ол кезде дүкеннен қыстық киім сатып алатындар ілеуде біреу ғана еді. Онда да қолы іс білетін ақ жаулықты үлкен апалары жоқ үйлер ғана балаларына дүкеннің дайын шұлық-қолғабын алып беруші еді. Себебі, тамыз айының ортасы ауып, қоңыр күздің ызғары қылаң бергеннен-ақ әжелеріміз жаппай ұршық иіріп, тоқыма тоқу маусымын бастап кетеді. Сейтіп, алғашқы қар түскенше қолы жылдам ісмер апалар барлық бала-шағасын жүн шұлық, тоқыма киудеше, қолғаппен толық қамтамасыз етіп қояды. Тіпті, артылғанын ет-жақынына сый етіп те ұсынып жатады. Осындай дарқан даладай көңілі кең апаларымыз бір жағынан өз қажетін өтеп отырса, екінші жағынан бабадан қалған текті қолөнерді дәріптеп, өскелең ұрпақ арасында насихаттап жүруші еді-ау.

Өзім де бұл кәсіпке әжемнің, кейін анамның айналысуымен біраз қанық болып алдым. Сырттай қараған жанға оңай болып көрінгенімен, бір таяқтың бойына иірілген жіпті ұқыпты жинай білу де өнер екенін ұғынғанмын сол кезде. Өзге өнер түрі секілді өз заңдылығы бар бұл өнердің де иіру, жүнді шүйделеу, дайын болған жіппен тоқыма тоқудың қаншама әдіс-тәсілі бар.

– Бұрын күн сыз еткеннен ұршық иіретінбіз. Бүгінде бұл үрдіс халық арасында толық сақталып қалмағанымен өзіміз сияқты бірен-саран үйдің үлкендері әлі оны тастай қойған жоқ. Қазір көп әйел – жұмысбасты. Содан болар, ұршықты әйтеуір, кәдеге асыратын келіндер қатары аз. Кейде маған да үйдегі балаларым: «Жоқ нәрсеге құлдық ұрып, өзіңізді әуре-сарсаңға салып қайтесіз, дүкенде мұндайдың түр-түрі тұр ғой» деп жатады. Ал тоқып берсең, қыстай аяғынан тастамай киіп шығады. Сонда әлгі сөздері ұршық иіріп, ине түртпеуге сылтау ма деген ойға келемін. Расында, қазір маусымына қарай базарда көздің жауын алатын ондай дүниелердің сан түрі шығады. Десек те, жүн түтіп, ұршық шиыра еңбектенудің де өз рахаты бар. Ол өлмейтін кәсіп болып қалуы тиіс, – дейді Әсемгүл Арыстанбекова есімді ақ жаулықты әже бізбен әңгім есінде.

«Ұршық – шүйкеленген жүнді немесе матадан жіпселеп суырылған қылшаларды иіріп жіп жасауға арналған жеңіл құрал. Бұл бұйымды Қазақстан аумағында шаруашылық қарекеттерде пайдалану неолит заманынан басталған. Бұған дәлел қола дәуіріне тән археологиялық қазбалардан қыштан құйылған ұршық қалдықтары көптеп табылуда» деп жазылыпты «Қазақтың этнографиялық категориялары» атты ғылыми-энциклопедиялық анықтамалықта.

Жоғарыда атап өтілген ғылыми тұжырымға жүгінсек, ұршықтың тарихы тым тереңде көрінеді. Біз білетін бір дәлел Ботай қонысына жүргізілген қазба жұмысы кезінде ұршықтың қыш басы табылғаны. Десек те – бұл затты басқасын білмеймін Шыңжаң және Бай-Өлке қазақтары күні бүгінге дейін қолданады. Тіпті кейбір әулеттерде енеден келінге жалғасып келе жатқан өте көне түрлері де кездесіп жатады. Қазіргі таңда алтын, күміс, қола, тас ұршықтар ондағы әрбір әулеттің сандығында жатқаны анық.

Ұршық – халқымыздың фольклоры мен әдебиетінде кеңінен көрініс тапқаны байқалды. Атап айтқанда, үлкен жазушы Шерхан Мұртаза «Жарамазан» атты әңгімесінде: «Дүлей боран құйын соққандай пергенде қосақталған екі соқырды шыр айналған ұршықтай иіріп әкетті» деп жазса, ғұлама-ғалым атамыз Мәшһүр Жүсіп «Шайхы Бұрқы диуана» атты еңбегінде: «Мұса пайғамбардың заманында Шайхы Бұрқы деген диуана болыпты. «Құдайға құлшылықты жан аямай қыламын!» деп, иірген ұршықтай қырық күн, қырық түн шыр айналған екен» дейді.

Сол сияқты, Қазақстанның халық ақыны марқұм Әселхан Қалыбекова: «Шыр айналған ұршықтай, Ширығудың мәні бар, Еңбек қылсаң тәубе деп, Тәңірдің атар таңы бар» деп жырласа, ақын Әбубәкір Қайран:

Өнер мен ғылым, білім дүниесің,
Бірлік бар, ұршықтай ғып иіретің, – дейді.

Осындай тарихы тереңнен басталатын ұршықты тек бұдан былай мұражайлардан көретін дәрежеге жеткізбей, әжелеріміз бұл өнер түрін дамытқаны жөн.

**Дайындаған Г.АСҚАРҚЫЗЫ**

Футбол

# Әлем біріншілігі: Ақтық мәреге кім өтеді?

**Әне-міне дегенше футболдан әлем біріншілігінің жартылай финалына да келіп жеттік. Катарда өтіп жатқан аяқдоп шеберлері арасындағы тартысты додада көптеген күтпеген жағдай орын алды. Қалың жанкүйері үкілеп үміт артқан Германия, Белгия, Данияның ұлттық құрама ойыншылары топтан шыға алмаса, Испания, Жапония, Оңтүстік Кореяның аяқдоп шеберлері жарты жолдан сүрінді. Дәл осындай жағдайлар әлем біріншілігінің 1/4 ойындарында да орын алды.**

«Аль-Райян» стадионында 1/4 ойындарының алғашқы кездесуі Хорватия мен Бразилия арасында өрбіді. Сөз жоқ, жанкүйерлер жартылай финалдың жодамасын ойын басталмай тұрып, іштей Бразилияға беріп те қойған. Бірақ осыған дейінгі әлем біріншілігінде ақтық мәреге барған Хорватияның Л.Модрич бастаған аяқдоп шеберлері әлі де бабында екен.

Қос команда алғашқы таймда есеп аша алмады. Бразилия үстін-үстін, Хорватия бірнеше рет қарымта шабуылдар ұйымдастырғанымен Алиссон мен Ливакович сыр бермеді. Келесі таймда да есеп ашылмады. Қос қақпадан саңылау таппаған ойыншылардың қосымша тағы жарты сағат ойнауына тура келді.

Алғашқы 15 минутта Неймар әріптесі Л.Пакета асырған допты Хорватия қақпасында тулатты. Ал қосымша таймның екінші бөлімінде Б.Петкович Алиссон күзеткен қақпадан саңылау тауып, таразы басын теңестірді.

Қосымша уақыт та мәресіне жеткенде бапкерлер 11 метрлік айып добын мүлт жібермейтін ойыншыларын алаңға шығарып алуды көздеді және солай жасады да. Қосымша қос тайм да ешқайсысына тиімді болған жоқ. Мұнан кейін ойыншылар 11 метрлік айып добын орындау арқылы жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салды.

Хорватияның 4 ойыншысы да 11 метрлік айып добын сәтті орындады. Ал Родриго мен Маркинос айып добын орындауда қателікке жол берді. Осылайша Катарда өтіп жатқан әлем біріншілігінде тағы бір күтпеген жағдай орын алды.

Жұмадан сенбіге қараған түні «Лусаил» стадионында Нидерланды мен Аргентина ойыншылары жартылай финалдың жолдамасын сарапқа салды. Алғашқы таймда ойын тұтастай аргентиналық аяқдоп шеберлерінің бақылауында болды. Ойынның 35 минутында бірінші болып есеп ашты да. Л.Месси асырған допты «Атлетико Мадридтің» қорғаушысы Науэль Молина Нопперт күзеткен қақпада тулатты. Екінші таймның 73 минутында бас төреші А.Лаос Нидерландыға қарсы 11 метрлік айып добын белгіледі және оны сұрмерген Л.Месси сәтті орындады.

Иә, бір қараған адамға осымен Нидерландының тағдыры шешілді. Яғни келесі кезеңге кім өтетіні де анық сияқты. Алайда алдағы 15-20 минут уақыт нидерландылық ойыншыларға таразы басын теңестіруге де, тіпті негізгі уақытта келесі кезеңнің жолдамасын жұлып алуға да жеткілікті еді. Соған лайық ойын өрнегін көрсетті де. Ойынның 83 минутында В.Вегхорст Мартинес күзеткен қақпадан саңылау тапты. Дәл осы ойыншы төреші белгілеген қосымша уақытта таразы басын теңестіріп кетті.

Мұнан кейінгі қосымша жарты сағатта қос қақпаға да доп дарымады. Ойыншылар 11 метрлік айып добын орындау арқылы келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салды. Бірінші және екінші рет айып добын орындаған В.Ван Дейк пен С.Бергейс қарсыласының қақпасынан саңылау таппады. Ал Л.Месси, Л.Паредес пен Г.Монтиэль айып добын сәтті орындады. Мұнан кейін Э.Фернандес қателікке бой алдырған. Нидерланды ойыншыларына сәл де болса бұл мүмкіндік еді. Бірақ Л.Мартинес кездесудің нүктесін қойды.

Жартылай финалда Аргентинаны Хорватия күтіп отыр. Осыған дейінгі әлем біріншілігінде ақтық мәреде төбе көрсеткен З.Далич шәкірттері де оңай шағылатын жаңғақ емес. Кешегі Бразилиямен кездесуде олар мүлде басқаша ойын өрнегін көрсетті. Сондықтан ақтық мәреге қос команданың қайсысы шығады? Ол жағы әзірге беймәлім.

Иә, бұл додада Марокко ойыншылары жарады. Өз тобында көш бастады, Испанияны жарты жолда сүріндірді. Бірақ несін жасырайық, К.Роналду, Б.Фернандеш, Ж.Феликс сынды маңдайалды аяқдоп шеберлері бар Португалиямен кездесуі олардың әлем біріншілігіндегі соңғы ойыны деп іштей ой түйдік. «Баққаным бақа болды» дегендей, бірақ ойын өрнегі басқа арнада өрбіді.

Иә, алғашқы таймда допқа иелік етуде португалиялықтар басым болғанымен, қақпаға бағытталған доп санымен Марокко ойыншылары алға шықты. Тіпті бірінші болып есеп ашты. Ойынның 42 минутында «Севилияның» шабуылшысы Ю.Эн-Несири Коштадан айласын асырды. Екінші тайм таразы басын теңестіріп, тіпті есепті еселеп кетуге де португалиялықтар үшін жеткілікті еді. Бірақ Хакими бастаған Марокконың қорғаушылары бұған жол бермеді. Тіпті Х.Зиеш бастаған белді шабуылшылар аратұра қарымта шабуылға шығып отырды. Осылайша әледі деген батырымыз өгіз міндінің кері келді. Негізгі уақытта Марокко жартылай финалға өтті.

Сенбіден жексенбіге қараған түні Англия мен Франция ойыншылары «Эль-Хаур» стадионында кездесті. 1:2 есебімен келесі кезеңге Франция өтті. Ал Г.Саутгейт шәкірттері үшін биылғы әлем біріншілігі осымен тәмам.

Сейсенбіден сәрсенбіге қараған түні Франция мен Марокко ақтық мәренің жолдамасын сарапқа салса, сәрсенбіден бейсенбіге қараған түні Хорватия мен Аргентина кездеседі. Ақтық мәреге Францияда мүмкіндік мол. Ал Аргентинаны Хорватия жолдан сүріндірсе, өз басым таңқалмаймын.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

**Газетіміздің келесі саны 16 желтоқсан, жұма күні шығады**

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 2107

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ